



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ ДӘУІРІ

және



ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

3/2011

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана

Билік бәйгесі немесе қазақы таңдау теоремасы

Абзал НҮКЕНОВ,

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Заманауи
зерттеулер институтының директоры,
саяси ғылымдарының кандидаты

Әлемде күрделі өзгерістер орын алуда. Экономикалық дағдарыстар геосаяси ықпалдықтардың ауысуымен аяқталады деген болжамдар да жиі айтылуда. Аймақтағы, тіпті ел ішіндегі қауіп-қатерлер өрістеуде. Осы жағдайлардағы біздің ішкі саяси тыныс-тіршілігіміз аландатпауы мүмкін емес. Алдағы сайлау алдында бұл мәселелерді санадан өткізу аса маңызды болмақ.

Соңғы кезде көршілес Қырғыз елінде орын алған шиеленісті құбылыс сүйегі бітпеген мемлекеттер үшін күрделі саяси өзгерістердің «мерзімсіз» орын алуы мүмкіндігін көрсетіп отыр. Ал Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдерінде орын алған саяси шайқалыстар биліктің қоюлануы негізінде шектен шығуы, оның күнгірт болашағын тағы бір дәлелдеді.

Кейбір сарапшылардың пайымдауынша осындай саяси күйзелістер Орта Азия аймағында да орын алуы мүмкіндігін ескерсек, біз үшін бұдан алар сабақ қандай? Осы «мезгілсіздік» пен шектен шығу арасындағы пенберді уақытылы анықтап, болашақ үшін дұрыс қадамдарға баруға қаншалықты дайынбыз? Мәселенің өткірлігі осында.

Осынау тарихи өзгерістер ел есігін қапана келіп қағарын алдын ала басып айту қиын шығар. Дегенмен, күрделі құрылым ретінде мемлекет өзінің саяси өмірінде осындай «тосын сыйлықтарға» әзір болуы қажет. Саяси жүйе, саяси билік, мемлекетті нәтижелі қызметін ұйымдастыру, қоғамдық қатынастар сияқты мәселелерін тынғылықты зерделеу арқылы болашаққа болжам жасауға болады. Осылайша бұрынғыр болашақ келелі келешекке аяқ басуға мүмкіндік алады.

Ел алдындағы екі анық

Бірінші, елдің саяси жүйесі, мемлекеттік құрылымы, басқару ерекшеліктері -- бұның барлығы тамыры әлдеқайда тереңде жатқан құндылықтардың бет келбеті ғана екені анық. Анықтауыш факторлар қоғамның саналық, мәдени, тарихи, психологиялық негізінде жатыр. Сол себепті де, саяси жүйе мәселесі тек батыр атаулы адамның үстіндегі сауыт ретінде қаралуы қажет. Ал оның ер жүрек, айбынды, адал әрі әділ болу себептері сауыттың астында тұр. Сонымен, ұлттық ерекшеліктердің ескерілуі қажеттігі анық.

Екінші, ақпараттану мен ғаламдандудың кеңінен өріс алған кезінде демократиямен негізделген талаптар тек күшейе түсері анық. Әлемдегі соңғы үрдіс

осы демократия керуенінің қоржындарын толтыра түскендей. Бұл жағдайда керуеннің келгенін күтіп отырмай, демократия мен бассыздықты ажырата жол тауып, уақытылы әрекет жасау аса маңызды болмақ. Кешегі көршілес Қырғыз елінің тәжірибесі сабақ болуы тиіс.

Саяси өсім өрісі биік биліктен

Мәселенің анық-қанығына жету үшін бүгінгі Қазақстандағы сана мазалар саяси сұрақтарға тоқталсақ. Көпшілікті, оның ішінде бірінші кезекте саяси элита мен интеллигенция өкілдерінің алаңдаушылығын туындататын бірінші мәселе – тұңғыш президенттен кейінгі елдегі жағдай. Биліктің келесі иелерінің саяси сабақтастық мәселесіне көзқарасы қандай болмақ? Әрине, бұл сұрақтың төркінінде не жатқаны анық. Тармактасақ, бірнәрсеге бөліп қарауға болады:

Біріншіден, билік ауысуының тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетік қандай? Осы сұрақтың өзіне байланысты талай проблемалар туындары анық.

Екіншіден, келешектегі саяси жүйе қандай болмақ? Тұлғалық немесе жүйелік саяси билік орнай ма?

Үшіншіден, осыған орай қоғам мен мемлекет қазірден бастап қандай лайындық шараларын жүргізуі керек?...

Заманауи мемлекет қалыптастыру талаптары саяси жүйенің де одан ары жетілуін өзектендіре түспек. Бірінші кезектегі мәселелер қатарында билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік. Ол үшін:

- парламенттің нағыз өкілді органға айналуы арқылы оның саяси салмағын арттыру;

- үкіметтің дербестігін арттыру арқылы жоғары атқарушы биліктің саяси жауапкершілік мәселесін шешу;

- сот билігінің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру арқылы елдің әділдікке деген сенімін арттыру;

- орталықсыздандыру саясатын ұтымды жүргізу арқылы жергілікті биліктердің өкілеттіктерімен қоса жауапкершіліктерін күшейту. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне оралу.

Осы және басқа да өзгерістер саяси жүйе тынысын кеңейтіп, жалпы ел дамуына жаңа серпін берері анық. Ең бастысы, азамат атаулының хақы мен сөзінің саяси құны артмақ.

Бүгінгі күннің басты талаптары – парламентаризмнің елде ерекше өріс алуы, сонымен бірге сот жүйесін жетілдіру арқылы көпшіліктің заң мен әділдікке деген сенімін қайтару. Ол үшін алдағы сайлау парламент пен маслихаттардағы партиялық ара-салмақтарды ғана өзгертіп қоймай, ел үмітінен шығып отырған қоғамдық көзқарастардың айнасына айналуы тиіс. Нәтижесінде, өкілді билік қалың халықтың шынайы өкіліне айналып, елдің мұң-мұқтажына саяси деңгейде жауап бере алатын, саясатта ықпалы зор институт болады.

Ал енді осының барлығы бүгінгі саяси шынтауайттықта неге іске асырылмамақ? Жалпы, осындай мәселелер шынымен ел алдында тұр ма, әлде бұл ағартық па? деген сұрақтар қойылуы әділ. Бір сөзбен жауап қайтасак, демократиялық елге тән осынау құндылықтардың толыққанды іске асырылуы билік бірқолдылығын шынайы түрде үшін сарп етілуіне. Неге бұлай болды?

Бірқолды билік баяны

Тәуелсіздік алғаннан кейін Кенес дәуірінен калыптасқан саяси жүйе де ауыр сынаққа түсті. Бір жағынан жаңа демократиялық құндылықтардың талабы билікті бөлуді қажет етеді, ал екінші жағынан: «күрделі қатынастарға толы жаңадан егемендік алған ел қалайша билікті жан-жаққа таратып беріп қоймақ?», «Бұл біздің мемлекетіміздің тұтастығына қалай әсер етпек?» деген ойлар мазалай түсті. Әрине «қағаз жүзінде» билікті бөлшектеп қойып отыруға болады. Кенес өкіметі осы тәсілді емін-еркін қолданды. Алайда, мәселенің барлығы алаң-елең, алды күнгіргі жаңа мемлекет жағдайында кез-келген құжаттың біреудің қолында таптырмайтын күшке айналуы мүмкіндігінде. Саяси мүдделердің радикалды түрлерінің басым әрі келешек арнасынан түсініксіз болғандығы үрейлендіре түсті. Осылайша, билік басындағы саяси элита біраз «шайқалмалы жағдайларды» бастан өткергеннен кейін, 1993 жылдан бастап билікті декларативті түрде бөлу, бірақ тежемілік әрі тетіктік деңгейде бір қолға шоғырландыруға кірісті. Бұл үрдіс кейіннен кең етек жаяды. 1995–98 жылдары шоғырландыру үрдісі тіпті қарқынды түседі.

Жаңа ғасыр Қазақстанның саяси жүйесі үшін жаңалықтарға толы болды. Биліктің тұлғалық көріністері шексіз шарықтай түсті. Ең маңыздысы, бұл үрдіс ешбір мүдірсіз елдің басты құжаты Ата Заңға тайға таңба басқандай жазылып, арнайы заңдармен күшейтілді.

Еркін ел, еріксіз таңдау

Таңдау бар, бірақ таңдау алдын орайтын алғышарттар тағы бар. Олай болса, сол саяси таңдауды қалағанымыздай жасауға мүмкіндік болды ма?

Мәселенің мән-жайын толық түсіну үшін мынаны айту керек. Біздің елде тәуелсіздік буы басыла салысымен-ақ ресми деңгейде «алдымен экономика, содан кейін саясат» формуласы жариялана бастады. Ия, бұл еш заңнамалық құжаттарда жоқ, бірақ мемлекет дамуының тұжырымдамалық негіздерінде айқын аңғарылады. Алайда, аталған формуланың өмірде іске асуы саяси жүйені жетілдіру мәселесінің өткірлене түсуіне алып келді. Осылайша Қазақстан саясаттанушылармен «шектелген авторитаризм» немесе «басқармалы демократия» деп сипатталды.

Мемлекет дамуы өзіндік кезеңдерден тұратыны белгілі. Алайда, бұл кезеңдер ел тарихын үзіп, бөлу үшін емес, керісінше мемлекеттің үзіксіз дамуына қызмет етуі тиіс. Ол үшін, үй құрылысы сияқты, мемлекет құрылысы да іргесінен бастап ойластырылып, дұрыс жүргізілуі қажет. Әр кезеңнің мақсат-міндеттерін анықтай білу керек, соның негізінде қоғам, оның ішінде бірінші кезекте саяси элита тиімді жолдарды іздестіріп, ел үшін ұтымды әрі неғұрлым зиянсыз әрекеттерге баруы – кемел келешектің кепілі. Ал бұндай құбылыстың негізінде ұлттық сана мен саяси сабақтастық жатары анық. Мәселен, тәуелсіздікті жаңа алған ел үшін етегін жиып, қажеттіліктерін қамтып, мемлекеттілігін нығайтып алу өткір болады. Біздің жағдайда бұндай мақсатқа жетудің ең қолайлы жолы ретінде қоғам тұрақтылығын қамтамасыз ете алатын жұдырықтай жұмылған басқару жүйесін орнықтыру болып қаралды. Жиырмасыншы ғасырда өз тәуелсіздіктерін қайтарған және мемлекеттер даму тәжірибелері бастапқы кезеңде елде шоғырланған күшті биліктің орнауымен ерекшеленетіні де естен шығармаған жөн. Осындай негіздің арқасында олар елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын түзей алған. Мәселен, дәл сол Сингапур, Малайя, тіпті Түрік елдерін алайық.

Қарсы пікірлестер: дербестіктің басында-ақ саяси ерікке жол берген елдер бар емес пе? Олар өз тәуелсіздігін жоғалта қойған жоқ, деген уәж айтары түсінікті. Ия, ондай балама да бар. Бірақ ол екі жақты мәселе. Біріншіден, ондай мемлекеттердің аяққа нық тұрып кетуі үшін елде тарихы бар сенімді мемлекеттік жүйе болуы тиіс. Мәселен, Ресей елі сияқты. Екіншіден, бұл мемлекеттерде тұрақсыздық пен дағдарыстың орнауы қауіпі жоғары болады. Мәселен, Қырғыз елі.

Сонымен қатар, біз Қазақстанның геосаяси жағдайын ескергеніміз жөн. Алып елдер мен өркениеттер арасынан ірге тепкен мемлекеттің өз дербес саясатын толыққанды жүргізіп отыруы да неғайбыл. Жан-жақтан қыспаққа алынған саяси субъект соккан желдің сокпағынан өзіне ұтымды шешімдермен шығуы үшін тұрақты болғаны жөн. Бұл орайда тұжырымдамалық тұрақтылық тек екі жағдайда қамтамасыз етілуі мүмкін. Біріншісі, ұлттық мүдделерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін уақытпен дәлелденген мемлекеттік жүйенің болуы. Немесе, екіншіден, ішкі бірлігі берік саяси билік.

Сонымен, біздің жағдайда таңдаудан бұрын саяси мұқтаждық, қажеттілік туралы айтқан дұрыс деген ойға келеміз. Тіпті тәуелсіздіктің жиырмасыншы жылында да бұл мәселе өз өткірлігін қояр емес. Біздің ойымызша, бұл ақиқатты елдегі негізгі саяси күштердің барлығы түсінеді.

Би бірлігі – ел бірлігі?

Енді осы бірлігі берік саяси биліктің жоғарыда айтылған тұрақтылығы мен өміршеңдігі жөнінде айтсақ. Сөзсіз, авторитарлы режимге жақын жүйелердің ел үшін ұтымды да, ұтымсыз да тұстары жетерлік. Аталған режимнің қоғам үшін басты зияндығы – билік барынша қоюланып, елдегі шынайы жағдайдан алшақтап, халықтың мұқтажлықтарын елемеуге бару. Нәтижесінде елде жемқорлық пен әділетсіздік көріністері кең етек жаяды.

Ал ұтымды жақтарын іздеп көрелік. Осы орайда кейбір сарапшы ғалымдардың авторитарлы режим жана мемлекеттер жағдайында елдің аяққа тұрып кетуіне оңтайлы әсер береді – деген тұжырымдарымен келісуге де болады. Сонымен бірге, кез келген шоғырланған саяси билік ел бірлігін және мемлекеттілік негіздерінің бекім бола түсуін қамтамасыз ете алады деу де қателік екенін атап айтқан жөн.

Ел бірлігі, бірінші кезекте, мемлекет шеңберіндегі ортақ құндылықтар негізінде орнайтынын естен шығармау керек. Осы тұрғыдан тәуелсіздік таңындағы біздегі ахуалдың қандай болғанын қысқаша қарап көрейік.

Дін. Түсініксіз, атеистер елінен шыққандар өздерінің өзегіне өрлеу үстінде. Екіншіден, діндер тоғысында орналасқан мемлекет үшін бұл жол өте күнгірт.

Ұлт – кеше ғана ұлтаралық қағынастар лабораториясы болған ел жанжал алдында тұр. Жан-жағымыз осы себептен қырғынға батуда. Бұндай елге ұлттық рухани күші бар идеяны ашық ұсынудан сақтанушылық болғандай. Сол себепті де қазақтың жүрегінен шыққан Алаш идеясы ел деңгейінде жаппай қолдауға ие бола алмады. Тіл мәселесі әлі те дейін өткір. Ал «ұлттық мемлекет» деген ұғымды ресми деңгейде қолданудан қайымынушылық байқалғандай (Ұлттық идеядан ұшынуымыздың да бір себебі осы).

Басқа не бар? Қандай біріктіруші тегік болуы мүмкін? Жаңа жарияланған демократияның мән-маңызын түсініп жатқан адам шамалы. Осыған дейін мемлекеттің жұлыны болып келген партиялық басқару жүйесі толығымен жой-

ылды. Сонымен, қалыптасқан жағдай нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық реформалар бірінші мақсат аталып, ел біріктіруші құрал ретінде биліктің өзі шығудан басқа амал көрінбеген сынайлы. Мұны орындау үшін биліктің өзінің ішкі бірлігі болуы керек еді. Тиісті жол көп ұзамай анықталды.

Осылайша бізде бір тұлғаға бағытталған саяси жүйе орнығады. Мұндай жүйелердің өміршеңдігі мына екі шарттың орындалуына байланысты болмақ: біріншіден, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалының жоғарылауы; екіншіден, елде заң мен тәртіптің сақталуы арқылы жалпы әділдіктің қамтамасыз етілуі. Олай болмаған жағдайда, елде нарызылық сана бой көтеріп, биліктің көп ұзамай құлдырауы анық. Бұған дәлел іздеу артық болар. Бүгінгі әлемдегі шындық осы.

Бұл тұрғыдан Қазақстандағы билік туралы айтар болсақ, елде әлеуметтік-экономикалық салада біршама жақсылықтар байқалады. Алайда, екінші мәселе бойынша (әділдік) халықтың билікке қояр сұрағы баршылық. Осы жақтан алғанда қазіргі билік үшін қауіп-қатер сақталады.

Сонымен, Қазақстандағы билік бірлігі мен тұрақтылығының берік формуласы – ол тұлғалық фактор. Шын мәнісінде, жоғарыда айтылғанға орай, кейбір мемлекеттер ішінде жанжалдың, шиеленістің орби түсуі осы тұлғалық себептерге келіп тіреледі. Іс насырға шапқанда елде оны ауыздықтайтын күшті топтастыра алатын азаматтың, лайықтың тұлғаның табылмауы ел үшін өлшеусіз тарихи қасіреттерге айналуы мүмкін. Бұл көсем тудырып, оны көкке көтеру мақсатынан шыққан сөз емес, адамзат жаратылысының болмысынан алынған тұжырым.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ елінде халықтың талғамын дәл түсініп, шешуші шенберден шегінуге жол бермей, елде ессіз жанжалдың бой көтеруіне тосқауыл қоя білген, қоғам төзімділігінің төріне тірелмей табандылық танытып отырған тұлғаның табылғанын көпшілік мойындады. Нәтижесінде, қазіргі Қазақстанда тұлғалық фактор тек биліктің ғана емес, жалпы ел бірлігінің идеологиялық тұжырымына айналған.

Тілегі бірдің – тірлігі бір?...

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан үшін «мемлекет нәтижелілігі» мен «демократиялық даму» арасында таңдау тұрды деп айту асығыс пікір болар еді. Біздің жағдайда ұлтымыздың сан ғасырлық еркін ел құру ұмтылысын айшықты ақиқат ету – бірінші кезектегі мақсат болды. Ол мемлекет институттарын барынша күшейту жұмыстарымен жүргізілетіні белгілі. Сол себепті де ел билеуіндегі авторитарлы көріністерді саясаттанушылар негізінен қоғам дамуының өтпелі кезеңдеріне тән үрдіс ретінде анықтайды. Мемлекеттік жүйе қалыңқа келіп, қоғамдық даму негіздері тұрақтанған кезден бастап жаңа саяси кезеңге өту мүмкіндіктері туралы сөз қозғалады. Осы жүйелік өзгерістердің өту ерекшеліктері мемлекет келешегіне тікелей әсер етпек. Бұл жалпы ел үшін үлкен сын, ал билік басындағыларға шексіз жауапкершілік жүктейтін аса тарихи маңызды уақыт болмақ. Ойткені өтпелі кезеңнің тұрақты әрі сәтті болуының бірден-бір кепілі ішкі ауызбіршілік.

Сәттілік сыры – сабақтастық

Әр кезеңнің өз жетістіктері мен кемшіліктері болары хақ. Ал көзі қырағы қауым соның ішінен баянды болашақ үшін жасалған жасампаз істі ажыра-

та аңғарады. Ендігі жерде Қазақстанның мемлекет ретіндегі жолы үзік-үзік сызықтардан құрылуына жол берілмеуі керек. Ондайды біз басымыздан жетерліктей өткердік. Ел дамуы өзара сабақтастықпен жалғанған тұрақты әрі берік сәттерге толы болуы тиіс. Сонда ғана төбелісін таба білген – өз таңдауын, ал қасқасын көре алған – өз қалауын жасауға мүмкіндік алып, қалың халықтың әлді әмірі елге тарамақ.

Қазақ ежелден «Атадан бала озады» деп қоғам дамуының жүйелік мәнін атап өткен. Олай болса, кешегі талассыз таңдау ертең екіқолды қалауға әкелуі қажет.